ZU 1972 ZHETYSU UNIVERSITY

# Jetisý ýnıversıteti

№5 (242)
24 mamyr
2024 jyl

JETISỲ OBLYSTYQ QOĞAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ





## 31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

***«Іліяс әлемі» республикалық студент-жастар фестивалінде өткен «Соғайын сөзімнен бір сұлу сарай» атты мүшәйра жеңімпаздарының өлеңдерін оқырман назарына ұсынамыз.***

## ҚҰЛАГЕР АҚЫН

*Ұрпағыңа мұра болып берілген*
*Қалды артыңда ерен еңбек, жыр ұлы.*
*Ешқашан да өшпек емес көңілден*
*Сен қалдырған Құлагердің дүбірі!*

*Жатпасаң да рахатпенен той көре,*
*Бола білдің сен қазаққа жақын шын.*
*Халқы үшін басын тіккен бәйгеге*
*Өлеңдегі сен Құлагер ақынсың.*

*Әлем көріп кеңге қанат жайғанын,*
*Ел көгерсе, асыл ерлер арқасы.*
*Ер мінезбен шабысыңнан таймадың,*
*Тиседағы Батыраштың балтасы.*

*Көп бөлінген көлеңкелі тұстармен,*
*Өлең өмір, мұң өрілген ғұмырың.*
*Сенен кейін қанша қыран ұшқанмен,*
*Өзгелерден биік қонар тұғырың.*

*Жүре білген бабам салған жолменен,*
*Қалды артыңда ұмытылмас зор үлгің.*
*Тағылса да, жалған айып көлденең,*
*Табанына тапталмадың тобырдың.*

*Кешкен бастан талай жыл мен сан айды,*
*Тарих болып тербеледі жыр бесік.*
*Сен қалдырған тұрар соқпақ талайғы,*
*Ұлы дала топырағымен үндесіп.*

*Даулы кезде сендер жазған жыр болып,*
*Бұл қазаққа түскен шығар сый көктен.*
*Қилы заман шырмауына шырмалып,*
*Өткен ерлер күллі өмірі бейнетпен.*

*Мұңды зарды естіп талай жалғаннан,*
*Шабуыңа қамшы болды-ау сол бір ән.*
*Өткенменен болашаққа жалғанған,*
*Қалды артыңда ұмытылмас зор мұраң!*

***Мейіржан ЖОЛДАСБЕКОВ,***
***Қожа Ахмет Ясауи атындағы***
***Халықаралық Қазақ-Түрік***
***университетінің студенті.***

## ТЕМІРҚАЗЫҚ

*Өзіңе киелі жыр тағa болды,*
*Бір қара көп ішінен дара келді.*
*Тартқызған дүйім жұрттың демін ішке,*
*Құлагер – тұлпар едің адам өңді.*

*Қызылаш тұлпардаймыз тұрған арып,*
*Қазақта емес бүгін жырға қарық!*
*Құлагер келіп бір күн су ішердей,*
*Ақсу да күтіп жатыр тулап ағып...*

*Өлеңде тақырыпқа жақын келген,*
*Ер жігіт, қарт ақынның жасын көрген.*
*Туған ел Талдықала кіндігінде,*
*Ел-білім ордасынның атын берген.*

*Ұлы ғой кеткен жырың сенің жазып,*
*Жан жүдеп жатқан сәтте көңіл де азып.*
*Адассам көкке қарап жол табамын,*
*Іліяс Жансүгіров – темірқазық.*

*Есіміңді қазағың аспандатып,*
*Жырыңа өз үлесін қосқан уақыт.*
*Өлеңіңді оқып жүр, оқылады!*
*Күллі қазақ тастамай жастап жатып.*

*Айналдым ұлт деп өткен азаматтан,*
*Өтірікпен өсектен таза жатқан.*
*Ақанның Құлагерін Қазақ танып,*
*Оғын да ақырғы сәт Қазақ атқан.*

*Кеше гөр!*
*Ұлы ақыным кетсем ағат,*
*Дестелі маржан сөзің көпке ғажап.*
*Қол жайып күбір-күбір дұға қылам,*
*Жыр үшін, пырақ үшін көкке қарап.*
*Балтасын Батыраштың байқамадың,*
*Бірақ та бебеуледі байтақ әнің.*
*Құлагерді қалдырдың хатқа жазып,*
*Тағдырын құлагердің қайталадың.*

*Жүйрігім оқ құшақтап кетпесе енді,*
*Қайтарам өзгелерге кетсе есемді.*
*Қара өлеңнің шырағын сөндірмейміз,*
*Зеңгірден көзіңді сал, сөкпеші енді.*
*Ақын!*

***Арсен ҚАЗТАЙ,***
***Іліяс Жансүгіров атындағы***
***Жетісу университетінің студенті.***

## ІЛИЯСҚА

*Құлагердей тұлпарсың Ілиясым,*
*Әдебиетке әлемнен нұр құясың.*
*Сұлу сөзбен сиқырлап оқырманды,*
*Өсиеттеп қалдырдың жыр ұясын.*

*Күй өнерін көсіліп жырлайтұғын,*
*Еліне еңбек етіп қылмай тыным.*
*Білемін қанша жолын кескенменен,*
*Алаштың азаматы сынбайтынын.*

*Ән айтып, күй шертуге асық болдың,*
*Домбыраның үніне сен ғашық болдың.*
*Исатай мен Махамбеттей ерлерімнің*
*Орындарын тарихтағы жазып, толдың.*

*Бәйгелерде топ жарған тұлпардайсың,*
*Көк аспанда қалықтаған сұңқардайсың,*
*Алаштың абыройы асқақтаған*
*Аударма, пьеса, өлең, жыр толғайсың.*

*Өнерге сен секілді асық болдым,*
*Күй тыңдап күңіреніп тасып толдың.*
*Келеді жарық беріп үш бәйтерек,*
*Абай мен Шәкәрімнің басып жолын.*

*Ақсудан бастау алған бұлағың бар,*
*Ауылың алтын бесік тұрағың бар.*
*Тарихта атын мәңгі сақталады,*
*Өтсе де жылжып ағып жыр - ағындар.*

***Айгерім БАҚЫТ,***
***М.Қозыбаев атындағы***
***СҚУ студенті.***



Болмысы бөлек Балқия
4 бет



ҒЫЛЫМДАҒЫ ҒҰМЫР
5 бет



NEET жастар неге көп?
6 бет



БУДУЩИЕ ЮРИСТЫ ВЕЩАЮТ
8 стр.

# ЖУ СТУДЕНТТЕРІ – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ!



Іляс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің студенті БАӘ астанасы Абу-Даби қаласында өткен Азия Чемпионатында топ жарды.

«Дене шынықтыру және өнер» жоғары мектебінің 2 курс студенті Сарсенұлы Самат (ересектер арасында) Джиу-джитсудан 56 кг салмақ дәрежесінде І орынды қанжығалап қайтты.

Самат - Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, ҚР чемпионатының бірнеше дүркін жеңімпазы, ересектер арасында Әлем чемпионы және 2-дүркін Азия жеңімпазы, Халықаралық Paris «Grand slam» турнирының жеңімпазы. Жапондық жекпе-жек өнерінің бір түрі – Джиу-джитсумен 2017 жылдан бері айналысып келеді.

«Спорт дегеніміз – адамдардың денсаулығы. Үлкен идеология. Спорт арқылы жастарды отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелейміз. Елімізде жастардың Джиу-джитсуге деген қызығушылығы артып, соңғы жылдары бұл спорт түрі қарқынды дамып келе жатыр. Қазақстанда Джиу-джитсудың дамуына біздің университет спортшыларының да қосып жатқан үлесі бар» - дейді Саматтың жаттықтырушысы Тимур Сыдықов.

Аталмыш жарысқа 30-мемлекеттен 1500-ден аса адам қатысқан.




Жуырда Өзбекстан республикасы Ферғана қаласында әмбебап жекпе-жектен (Унифайт) 18-20 жас және ересектер арасында Азия Чемпионаты өтті.

Азия Чемпионатында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Құқықтану» білім беріу бағдарламасының студенттері еліміздің көк туын көкке желбіретті.

Алтын медаль иегері Мухаммед Нурболатов Азия чемпионы атанса, Семейбекұлы Дінмұхамед ІІІ орынның тұғырынан көрініп, Қола медальды мойнына тақты. Дінмұхамед әмбебап жекпе-жек спорт түрінен 2023 жылы әлем чемпионы атанған болатын.



# РЕКТОР КУБОГЫ ҮШІН АЛА ДОП БӘСЕКЕСІ

Студенттер арасында «Басқарма Төрағасы-Ректор кубогы» үшін футболдан жарыс өтті. Дәстүрлі ала доп додасының мақсаты: студенттер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, студенттердің спорттық шеберліктерін арттыру, жоғары мектептер арасындағы спорттық-жолдастық қарым қатынасты нығайту, Ұлттық Студенттік Лига жарыстарына үздік студенттерді іріктеу. Ойынға барлық жоғары мектеп студенттері қатысты. Турнир қорытындысы бойынша І орынды Құқық және экономика жоғары мектебі иеленсе, ІІ орынды Техникалық ғылымдар жоғары мектебі қанжығалады. Жансүгіров колледжі ІІІ орынды қанағат тұтты. Жарыстың жеңімпаздары Ректор кубогымен және мақтау қағаздарымен марапатталды.

● *ENACTUS KAZAKHSTAN National EXPO 2024*




# ЖОБАДАҒЫ ҚОС ЖЕҢІС

ENACTUS KAZAKHSTAN NATIONAL EXPO 2024 студенттік кәсіпкерлік, стартаптар және инновациялар ұлттық кубогында Жетісу университетінің қос командасы жеңіске жетті. Атап айтсақ, «Enactus Zhetysu» командасы бірінші орынның тұғырынан көрініп, чемпион атанса, жобадағы екінші орынды «Enactus Zhansugurov college» иеленді. Ендігі кезекте бұл жеңімпаз командалар осы жылдың қыркүйек айында Астанада өтетін Enactus World Cup 2024-те Қазақстанның намысын қорғайды. Аталмыш екі команданың да кураторы Ерік Бейсенбеков.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма төрағасы – Ректор Ермек Бөрібаев студенттерді жеңісімен құттықтап, әлемдік кубокқа дайындық барысымен танысты.

«188 команда арасындағы іріктеу кезеңінен өткеннен кейін, "Sweet Rainbow", "Gallus" және "Silk Route" жобаларымен еліміздің жоғары оқу орындарының 16 жетекші командасы арасында WORLD CUP LEAGUE біріншілігі үшін лайықты бәсекеге түсіп, жүлделі орындарды жеңіп алды. Бұл - университет үшін ғана емес, Жетісу облысы үшін үлкен жетістік. Сіздерді құттықтаймын, тәлімгерлеріңіз бен оқытушыларыңызға зор құрмет пен алғысымды білдіремін. Сіздер алдағы чемпионатта лайықты өнер көрсетіп, әлемге қазақстандық жастардың таланты мен әлеуетін көрсететіндеріңізге сенімдімін», - деді Е.Бөрібаев кездесуде.

# ТҮЛЕКТЕРМЕН КЕЗДЕСУ



Жетісу университетінің Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органның білім беру гранттары негізінде бітіруші түлектері ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы Қобылан Манаппен кездесті. Кездесу барысында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Ермек Бөрібаев түлектерді жұмыспен қамту мәселесіне тоқталды.

Жиынға барлық жоғары мектептерден 300-ге жуық бітіруші түлек қатысты.

Кездесу барысында Қобылан Тоқбергенұлы мемлекеттік қызметке орналасу үшін қойылатын талаптар өңірлік кадр резерві және басқа да мүмкіндіктер жайлы айтты.

Түлектермен ашық сұхбаттасып, білім беру гранттары негізінде бітіретін түлектерді өз кезегінде жұмысқа қабылдауға дайын екендігін мәлімдеді.

# «ІЛИЯС ӘЛЕМІ» ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ САЙТЫ АШЫЛДЫ

Жетісу университетінде Іляс Жансүгіровтің туғанына 130 жыл толуына орай ақын мұрасын таныту мақсатында әзірленген «Іляс әлемі» оқу-танымдық сайты ашылды. Сайт «Ілястану», «Өмірі», «Шығармашылығы», «Зерттеулер», «Медиа», «Жаңалықтар», «Біз туралы» сынды негізгі 7 бөлімнен тұрады. Танымдық портал білім алушылардың ой-өрісін кеңейтіп, практикалық дағдыларын дамытып, ақпаратты неғұрлым құрылымды және түсінікті түрде алуға мүмкіндік береді.

«Ақпарат ағынының күрт өсуіне және цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты жоғары оқу орындарының қызметінде білім беру сайттарын қолдану рөлі артып келеді. Деректер мен мәліметтерді цифрландыру бәсекеге қабілетті тұлғаның құзіреттілігін қалыптастыруда маңызы зор» - дейді ілястанушы Шара Қыяхметова.

*Бетті дайындаған Әйгерім ИЕБЕКОВА.*

# БОЙЫНА ӘН-ҚАЗЫНА ЖИНАҒАН ЖАН

*О, өмір, Жан – өмір, нұр – өмір!
Ән – өмір, күй – өмір, жыр – өмір!
О, сорлы табиғат, шіркін-ай,
Адамға қисаңшы мың өмір,* осы бір Мұқағали қаламынан туған жолдарға лайық, өмірі ән өнерімен өрілген адамдар айналамызда баршылық. Сондай тұлғалардың бірі ғұмырын саз өнерімен байланыстырып, университет қабырғасында 40 жылдай ұстаздық қызмет етіп келе жатқан ардагер әріптесім Таубалдиева Жұматай Шомкенқызы.

1949 жылы, 6-мамыр жұма күні дүниеге келген қызына соғыстан аман келген әкесі Жұматай есімін берген екен.

1987 жылы институттың мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу методикасы кафедрасында ізденуші болып жүрген кезім. «Бастауыш мектеп» журналына «І.Жансүгіров шығармаларымен таныстыру» аталымымен тұңғыш мақалам жарық көрді. Сол журналдың бетінде басылған әдіскер мұғалімнің мақаласы көзіме оттай басылды. Мақалада ән-күй сабағын өткізудің әдіс-тәсілдері сипатталып, бастауыш мектепке арналған сабақ үлгісі беріліпті.

Халқымыздың сонау дәуірден келе жатқан аспапты музыка жанрымен, қастерлі мұрасымен ол 1971 жылы Алматы қаласындағы П.И.Чайковский атындағы музыкалық училищесінде оқыған жылдары танысқан екен. Бұл оқу орнын қобыз мамандығы бойынша бітіріп, бірнеше жыл балалар музыкалық мектебінің оқытушысы, халық аспаптар көркемдік жетекшісі деген квалификацияны меңгерген. 1987 жылы Талдықорған педагогикалық институтының бастауыш сыныпта оқыту кафедрасының аға оқытушысы қызметіне қабылданады. Ән-күйден шебер де білікті маманның әдетте оқыту әдістемесін өз тәжірибесі қалыптасатынын Жұмекеңнен кейінірек тәлім алған талай студенттер, магистранттар бұл ойымды теріске шығармас.

Өзімен емес, мақаласын оқу арқылы танып-білген ғылым жолындағы қатарласымыз табиғи өнерін студент кезеңінен бастаған. Оны әрдайым жоғары оқу орнының акт залындағы хорда, вокал тобында түрлі мерекелік шараларда баянын жігерлене тартып-тартып алып, шырқай жөнелеген сәттерін талай тамашалағанбыз.

Бүгін ардагерлер алқасының мүшесі, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор университетте «Шығармашылық» білім беру бағдарламасы бойынша дәрістерін құлшына оқып жүрген тәжірибелі ғалым ұстаз Жұматай Шомкенқызы 75 жасқа толғалы отыр.



Ғылым жолы – адал да әділетті жол. Оның биігіне ізденуден талмайтын қайсар жандар ғана қонақтай алатынын қатарласымыздың өмір жолынан байқадық.

1997-2003жж. Алматы қаласындағы Абай атындағы педагогикалық институтының педагогика кафедрасының ізденушісі «Музыка арқылы бастауыш сынып оқушыларының гумандық қасиеттерін қалыптастыру» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғаған.

Ж. Ш. Таубалдиева жалпы саны 270-тен аса ғылым жарияланымдардың авторы. Оның ішінде 28 оқулық ( 23-оқулық авторлық, 5-оқулық авторлық бірлестікпен), 1-монография,1-Томсон Реутерс, 2-ресей ғалымдарының еңбегінің аударма мақалалары, 4-авторлық патентті электрондық оқулық, 3-СКОПУС-мақаласы болуы үлкен де әділетті ғылыми жолды кешуінен. Ғалымның жетекшілігімен 19 магистрлік диссертация қорғалған.

«Мен соғыс ардагерінің қызымын. Тура сөйлеймін, профессорлық атағыма кір келтіре алмаймын» дейтін ұстанымы бар Жұмекең – баладай ақ көңіл, ашық жан.

Жоғары оқу орнының қалыптасуына елеулі үлес қосқаны үшін университеттің «ҚҰРМЕТТІ ПРОФЕССОРЫ» атағына ие болған доцент лауазымындағы ғалымның жүзінен әрдайым жылылық лебі есіп тұрады.



Оның бір жақсы қасиеті – алдына келгенді үлкен демей, жас демей теңдей сөйлесіп, ақыл-кеңес беріп жүретіндігі.

Мақаламның басында жазылғандай, өмірі ән, күй, жырмен өріліп, жүрегі мейірімділікпен нұрланған Жұматай Шомкенқызы жан жолдасынан, ұлынан жастай айрылса да, қиындыққа мойымайтын, мәңгілік өмірін тек жақсылықпен жалғастырып келе жатқан жан. Өйткені ол тал бойына жыр қазынасын жастайынан жинап келді.

Жасы мен нәзік бітіміне қарамастан, баянын иыққа аса салғанда, ардагер ұстаздың арқасы ұстай жөнеледі де, жанындағы тыңдармандарын да ән әлеміне жетелеп, желпіндіріп жібереді.

«Мың өмірді табиғат адамың кез келгеніне сыйлай» салмайтынын осыдан байқайсың. Біліммен бірге жастарды өнерге талпындырып жүретін университетіміздің қауымдастырылған профессоры Ж.Ш.Таубалдиева арамызды нұрландырып, әрдайым жанымызда осы қалпында жүре берсе деймін. Өнерімен ұжымның құрметіне бөленген жанның ақ пейілі туған еліне, әжелік үлкен махаббаты қыздарынан тараған он бір жиені мен төрт шөбересіне керек. Жасына жас қосыла берсін. Мерейлі мерекесі құтты болсын демекпін.

**Алтын БАКРАДЕНОВА,
п.ғ.к., педагогика және психология мектебінің қауымдастырылған профессоры, ардагер ұстаз.**

# «ҚЫЗҒАЛДАҚ» ҚЫЗДАР КЛУБЫНА – 15 ЖЫЛ

**І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Педагогика және психология жоғары мектебінде «Қызғалдақ» қыздар клубының 15 жыл толуына орай «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» атты іс-шара өтті.**

Ұйымның негізін қалаған педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) Бөрібекова Фарзана Бөрібекқызы. «Қызғалдақ» қыздар клубының негізгі мақсаты ортақ қызығушылығы бар, бос уақытында сауықтыру, әлеуметтік пайдалы қызметтерге қатысуға ниет білдірген жасөспірім қыздарды психологиялық-педагогикалық қолдауға жағдай жасау.

«Оқыту және тәрбиелеу әдістемелері» білім беру бағдарламасында өткен іс-шарада «Қызғалдақ» қыздар клубының құрылған күнінен бастап жұмысын жүргізуге атсалысып, тәжірибесімен бөлісіп жүрген Ф.Б. Бөрібекова, Х.Т. Наубаева, Қ.К. Ибрагимова, Ж.Ш. Таубалдиева, А.Б. Бакраденова, А.С. Батырғалиева сынды ардагер ұстаздар мен педагогика және психология жоғары мектебінің профессор-оқытушылық құрамы қатысты. Жиынды тәрбиелеу әдістемелері білім беру бағдарламасының докторанты, оқытушы-дәріскер Таурбекова Айнұр Сапашқызы ұйымдастырды.



Мерекелік жиынның басы «Ару ғұмыр» композициясымен басталып «Дені саудың жаны сау», «Әжемнің әңгімесі», «Ұлттық құндылық», «Қыздардың киім киюі мен шаш кою өнері» атты тақырыптар аясында талқылау жұмысы жасалды. Кеште медицина қызметкері Әлия Байзакова вирустың алдын алу жолдарына арналған кеңестер берді. Ал, «Әжемнің әңгімесі» тақырыбында әже образындағы Гүлмира Майлыбаева ырым-тыйымдар жайлы тәрбиелік маңызы зор сұрақтарға жауап берді. Сонымен қатар, Қалибек Ыбыраимжанов «Ұлттық құндылық» тақырыбындағы түрлі пікірлерге өз ойын білдірді. Шараға қатысқан болашақ ұстаздар мен тәрбиешілерге жуырда жарық көрген «Бастауыш білім берудегі заманауи педагогикалық технологиялар» атты оқу құралын сыйға тартты. Ал топ кураторлары Ботагөз Қыстаубаева мен Меруерт Мухашева сән өнері, шаш күтімі жайлы әңгіме жүргізді. Сонымен қатар, ұжымның алғашқы қарлығашы - Ляззат Қабанбаева шарада сөз алып, ұрпақ тәрбиесіне қызмет атқарудың қыр-сырымен бөлісті. Кеш соңында студенттер өнер көрсетіп, шараның мазмұнды өтуіне үлес қосты.

Жиын жас буынға ұлттық құндылықтарды дәріптеп, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың тәрбиелік мәні, маңызы түсіндірілді. 15 жылдың ішінде «Қызғалдақ» қыздар клубы арнайы жоспарға сәйкес сана-сезімді тәрбиелеуге, адамгершілік, этикалық және отбасылық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған көптеген іс-шараларды өткізген.

**Алиса ЕСЕНБАЕВА,
2 курс студенті.**

Gazeta.zhgu@mail.ru tel.:12-00

***І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Мемлекеттік басқару және менеджмент білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты Балқия Күлмесқызы Шөмшекова 70 жасқа толды.***



# Болмысы бөлек Балқия

Қашан көрсең де байсалды қалпынан танбайтын, білім мен ғылымның тереңіне бойлаған, парасат-пайымы кең, көркем мінезді Балқия Күлмесқызына қарап, неткен ғажап жан деп ойлайтыныңыз рас. Ал ол осы болмысын жылдар бойы білімге деген құштарлығының, ғылымға деген ынтасының арқасында қалыптастырды. Білімді үйрену үшін еңбекқұмар болып, денеңді жалқаулыққа билетпеуің керек, - деп ойшылдар айтқандай зор талабының арқасында Сағабүйен ауылында туып-өскен қарапайым ғана ауыл қызы ғылымның нәріне тереңнен бойлап, осы салаға саналы ғұмырын арнады.

Балқия Күлмесқызы Жетісу облысы Ақсу ауданы Сағабүйен ауылында көп балалы отбасында дүниеге келді. Отбасындағы 11 баланың бесіншісі. Әкесі Күлмес пен анасы Нұржамал қарапайым шаруа адамдары болса да барлық балаларының білім алуына жағдай жасады. Мектеп табалдырығын Ақсудағы мектеп – интернатта аттаған Балқия 5 сыныпқа барғанда Алматы қаласындағы №2 экспериментальды мектеп-интернатқа байқау арқылы ауысады. Оны 1973 жылы бітіріп, ауылға келіп ата-анасына қолғабыс жасайды. Бала кезінен зерек, білімге құштар қыз көп ұзамай 1975 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне (ред. қазіргі ҚазҰУ) түседі. Философия және саяси экономия факультетінің «Саяси экономия» мамандығын тәмамдап, 1980 жылы ҚР Білім министрлігінің жолдамасымен І.Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтына оқытушылық қызметке қабылданады.

***Саяси экономия – қоғам дамуының түрлі сатыларында тұрмыстық игіліктерді өндіруде, бөлуде, айырбастауда және тұтынуда адамдар арасындағы өндірістік қатынастардың жұмыс істеу және даму заңдарын зерделейтін ғылым; мемлекеттің экономикалық шаралар жүйесі.***

Содан бері аймақтағы жоғары білім ордасында 44 жыл бойы үзбей жұмыс істеп келеді. Еңбек жолын кафедра ассисентінен бастаған Балқия Шөмшекова бұл күнде қауымдастырылған профессор.

«Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуына байланысты жүргізілген түбегейлі реформалар мен нарықтық экономика талабына сай, жаңа форматтағы мамандарды дайындау қажеттілігі туындады. Елімізде нарықтық қатынастарды қалыптастыру, оның заңдылықтарын бұқара халыққа жеткізу, таныстыру, жаңа талаптарды орындаудың теориялық, әдістемелік және практикалық қырлары бойынша жұмыс жүргізу үшін әдебиет, оқулықтар тапшы болатын. Сонымен бірге әрбір кезең жеке индивид алдында жаңа талаптар қояды. Оны жүзеге асыру сол буынның міндеті сияқты. Мен көп ойландым. Жаңа қоғам, нарықтық экономикаға сай білім беру туралы пікірімді сол кездегі институт ректоры Аманжол Қасабекке баяндап, «Философия және саяси экономия» кафедрасы негізінде жаңа «Экономика және менеджмент» кафедрасын ашу туралы ойымды айттым. А. Қасабек ірі ғалым, көрегенді басшы, тамаша ұйымдастырушы болатын. Ол кісі мені бірден қолдап 1996 жылы институтта Экономика және менеджмент кафедрасы құрылды. Бұл біздің өңір үшін нағыз жаңалық болды. Институт ұжымы, қала, облыстағы көпшілік қауымның қуанғаны есімде»-дейді Балқия Күлмесқызы.

Жаңа кафедра Жетісу жастарын ауылшаруышылық экономикасы мен менеджменті, қаржы, мемлекеттік басқару және менеджмент, есеп және аудит, кеден ісі сияқты сұранысқа ие мамандықтарға оқыта бастады. Ол кезде кафедраның оқытушылары жаңа ашылған мамандық бойынша оқу жоспарын, жалпы экономикалық пәндердің бағдарламаларын өздері құрып, жүргізетін еді. Қазіргідей оқыту стандарттары мен әдістемелер, нұсқаулықтар болмайтын. Балқия Күлмесқызы әріптестері Меруерт Төреғожина, Раузия Габдуллинамен бірге микроэкономика, макроэкономика, менеджмент теориясы мен практикасы, бизнес негіздері, сапаны басқару, өтпелі дәуір экономикасы және т.б. пәндерді оқу жоспарына кіргізіп, оның бағдарламасы мен мазмұнын құрып, оқу процесіне енгізген еді.

Бүгінгі күні бұл бастама аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына өзіндік үлес қосты деп айта аламыз. Қазір І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетіндегі экономикалық мамандықтарды дайындау жаңа сапалық деңгейде және үздіксіз білім беру қағидасына бейімделіп, үш деңгейлі білім беру бакалавриат - магистратура - доктарантура бойынша жүргізілуде.

Осылайша тың идеясымен, бастамашылдығымен ерекшелене білген Балқия Күлмесқызы университеттегі экономика факультетінің негізін қалап, Талдықорған педагогикалық институтының көпсалалы университетке айналуына еңбек сіңіріген бірден бір оқытушы-ғалым.

Балқия Күлмесқызының ғылым жолындағы ұстаздарына алғысы шексіз. Академик, экономика ғылымдарының докторы, профессор С.Байышов, М.Әлиев, Я.Аубакиров, Ө.Шедеков, С.Нысанбаев, К.Карибаев, экономика ғылымдарының докторы, профессор Рашид Куватов сынды атақты ғалымдардан дәріс алып, білім мен ғылымның шыңына өрледі. Ғылыми ізденісінің нәтижесінде 1999 жылы Р. Куватовтың жетекшілігімен «Экономиканың аграрлық саласында шаруашылықтың жаңа нысандарын дамыту және жетілдіру» тақырыбында кандидаттық диссертациясын әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде сәтті қорғап, экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесіне ие болады.

Оның 100-ден астам ғылыми-зерттеушілік және оқу-әдістемелік құралдары мен т.б. еңбектері бар, оның ішінде 3 - монография, 2 - электронды оқу құралы, 15 оқу құралы. «Корпоративтік қаржы», «Коммерциялық банктердегі қаржылық талдау», «Коммерциялық банк қызметтерін қаржылық талдау» сынды оқулықтары оқу үрдісінде кеңінен пайдаланылады. Одан басқа ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және білім берудің кредиттік технология жүйесіне өтуіне байланысты түрлі зерттеулер нәтижелері Scopus базасы мен шетелдік, отандық ВАК басылымдарында, түрлі форумдар мен халықаралық, республикалық, аймақтық ғылыми-практикалық конференцияда оқыған баяндамалары жарық көрген.

Балқия Күлмесқызы оқытушы-ғалым ретінде «Самұрық Қазына» АҚ «Даму. Кәсіпкерлікті дамыту қорының» лекторы, «Бизнес-кеңесші» ретінде кәсіпкерлер арасында тренинг-семинарлар жүргізу арқылы, кәсіпкерлік пен шағын және орта бизнестің дамуына қаржылық емес көмектер көрсету бойынша Атырау және Алматы облысының қалалары мен аудандарында «Бизнес-тренер» ретінде бірнеше жобаларды іске асырған. «Алматы облысының әлеуметтік-экономикасының 2015 жылға дейінгі кешенді даму бағдарламасын» әзірлеуге үлес қосқан ғалым.

***Экономика дегеніміз қоғамның тиімді дамуына, ел мен жердің өркендеуіне жол ашатын, бағыт беретін ғылым. Экономиканы білмесек мемлекет дамымайды. Экономика заңын меңгермесек пайда мен шығын жолдарын айқындай алмаймыз.***

Сонымен қатар Алматы облысының аймағы бойынша іргелі және қолданбалы бағыттарда зерттеу жүргізу үшін құрылған «Аймақтық экономикалық зерттеу орталығының» жетекшісі. Қазіргі уақытта бұл орталық Құқық және экономика жоғары мектебінің көптеген профессорлық-оқытушылар түрлі ғылыми зерттеу жұмыстарын және докторанттар, магистранттар мен білімгерлердің дипломдық, диссертациялық жобаларының зерттеу объектілерін үйлестіруші міндетін атқарып отыр. Орталық қызметкерлері Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық саласының алуан қырларын нақты мәліметтер көмегімен талдау, зерттеу арқылы қорытынды мен ұсыныстарды (3-монография, 36 тезистер мен статьялар) түрлі деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен форум материалдарының жинағында жариялады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда бизнес-білім беру нарығы салыстырмалы түрде қалыптасқан. Мысал ретінде І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Құқық және экономика жоғары мектебіндегі «Мемлекеттік және жергілікті басқару, менеджмент» білім беру бағдарламасы аясында қоғамдық өндірістің жеке салалары үшін, оның ішінде «Стратегиялық менеджмент» және «Денсаулық сақтау саласындағы менеджмент» MBA Execuitive бағдарламасы бойынша бизнес-білім берудің практикалық бағдарламасы 2021 жылы Жетісу университетінің Ғылыми кеңесінің ұсынысмен және сала министрлігінің қолдауымен бекітілген болатын. Аталған MBA Execuitive бағдарламасы денсаулық сақтау саласындағы ұйым басшылары мен жетекші кадрлар тарапынан сұранысқа ие болды, 2021-2022 оқу жылында аталған бағытты 9-жоғары білікті дәрігер (Астана, Алматы және Талдықорған қалалары) MBA Execuitive - іскерлік әкімшілендіру магистрі дипломын алса, 2022-2023 оқу жылында осы бағытта білім алған денсаулық сақтау мекемелерінің 13 маманы, оның ішінде емхана және бөлім басшылары, бас дәрігерлері білім қоржынын жаңа біліммен толықтырды. Биыл «Денсаулық сақтау саласындағы менеджмент», «Стратегиялық менеджмент», «Білім беру саласындағы менеджмент» және «Заң саласындағы менеджмент» бағдарламалары бойынша 42 адам білім алуда. Олар денсаулық сақтау, педагогика және заң саласындағы заманауи менеджменттің қағидалары бойынша саланы ұйымдастыру, жоспарлау және мотивация мен бақылаудың әлемдік қолданыстағы түрлі аспектілерімен танысып, алуан түрлі тәуекел жағдайында басқарудың ерекшеліктерін және оның озық инструменттерін қолдану тәжірибесін үйренуде. Одан басқа жаһандану жағдайындағы орын алатын түрлі жағдайларға байланысты ҚР нақты жағдайында шешім қабылдаудың заманауи практикалық қырларын, оның құқықтық-нормативтік актілерге сай негіздері бойынша білім бағыттарын игереді. Оқытушы-ғалымның пікірінше осындай ілгерлі сұранысты анықтап, соған сай оқытуды қолға алып, қызметтерді сапалық деңгейде ұсына білген жоғары оқу орындарының рөлі арта түспек.

Балқия Күлмесқызы кәсіби біліктілігін арттырып, үнемі ізденіс үстінде жүреді. «Темпус» бағдарламасы шеңберінде жобаларды мақсатты даярлаудың әдістемелік тәсілдері, «Кәсіпкерлерді оқыту» бойынша мастер-класс, «Болон процесіндегі академиялық ұтқырлық» бағдарламасы бойынша халықаралық семинар, «ҚР Еңбек Кодексін қолдану заңдылықтары», «Корпоративтік басқару», «Ұлттық ақпараттық технологиялар», «ЛСЕВЕР», «Коммуникация және интернет жарнама», «Tempus», «People» және Т.Рыскулов атындағы жаңа экономикалық университет ұйымдастырған «Университеттердің HR менеджменті», «Экономиканың реалды секторындағы кәсіпорындардағы экономистердің практикалық жұмыстарына арналған эконометрика» сынды көптеген семинар-тренингке қатысып өз білімін шыңдап отырады. Былтырғы жылы Бішкек қаласындағы Б. Ельцин атындағы Қырғыз-Ресей Славиян университетінде ұйымдастырылған «Менеджмент» пәні бойынша және Польша мемлекетінің Катович бизнес университетінде «Creativity and innovation in human resourses management» тақырыбы бойынша тағлымдамадан өтті.

Балқия Күлмесқызы ұлағатты ұстаз, білікті оқытушы, танымал ғалым болумен қатар қоғамдық жұмысқа да өте белсенді. Ол Алматы облысы бойынша мемлекеттік Кірістер департаментінің консультациялық Кеңес мүшесі, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқулық, оқу- әдістемелік әдебиеттерді баспаға ұсынатын сараптау тобының мүшесі, Ғылыми-техникалық кеңес мүшесі, Әдеп жөніндегі кеңес мүшесі. Сонымен қатар ол кісі ғалым-оқытушы ретінде ел өмірінде болып жатқан түрлі қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сараптама жүргізіп көзқарасы мен пікірін бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде «Егемен Қазақстан», «Білімді ел» «Жетісу», «Талдықорған», «Жетісу университеті» және ақпараттық порталдарға жариялап отырады.

Қауымдастырылған профессор, экономика ғылымдарының кандидаты Б.К. Шөмшекова ұзақ жылдар бойы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына және жоғары білім саласына қосқан үлесі үшін талай рет марапатталды. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті ректорының, Алматы обысы әкімінің, аудан әкімдерінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хатынан бөлек ҚР ҒБМ «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен, ҚР Президентінің Жарлығымен «ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалімен, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Ерен еңбегі үшін» төс белгісімен марапатталған. ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2022 » грантының иегері. Ол отбасында аяулы жар, ардақты ана. Ұлы Айдос кәсіпкер. Қызы Эльмира ана жолын жалғастырып ғылым жолында, PhD. Шет елде алған білімін Жетісу университетінің өркендеуіне арнауда. Немересі Алима шахматтан Азия чемпионы, спорт шеберлігіне кандидат. Жары Өмірсерік Қыдырбайұлы ауыл шаруашылығы саласының білгір маманы. Балқия ұстаздың өмір жолы еліміздің әрбір жасына үлгі.

**Данияр ҚАЛДИЯРОВ,**
**экономика ғылымдарының докторы, профессор.**

# ҒЫЛЫМДАҒЫ ҒҰМЫР



***— Дүйсебек Нұрғабылұлы, ғұмырыңыздың жарты ғасырын, яғни елу жылын ғылымға арнаған екенсіз. Өмір жолыңыз жайлы айтып берсеңіз?***

— Мен Көксу ауданындағы, Мұсабек Сеңгірбаев атындағы орта мектепті бітіріп, Үштөбедегі «Механикалық жөндеу» зауытында бір жыл жұмыс істедім. Қоғалы ауылында «Педогикалық сынып» деген ашылып, осы жақта бір жыл оқыдым. 1969 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне, математика мамандығына түсіп, 1973 жылы үздік дипломмен аяқтадым. Бітіргеннен кейін осы университетке мені екі жылға тағылымдамадан өтуге алып қалды. Одан кейін Жезқазғанда педагогикалық институт ашылып сол жерге жұмысқа жіберді. Бұдан бөлек, Байқоңыров атындағы университетте 29 жыл жұмыс жасадым. Отбасым Талдықорған қаласында болғаннан кейін, туған жеріме көшіп келдім. 2004 жылы Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне жұмысқа кіріп, алғашында доцент кейін кафедра меңгерушісі, ғылым жөніндегі проректор болып жұмыс жасадым. Менің басшылығыммен университетте көптеген мамандықтар ашылды.

***— Жұдырықтай ғана жүректегі үлкен ғылымға деген сүйіспеншілікті кім оятты?***

— Әкем! Менің әкем 50 жылдан аса (математика, орыс тілі, тарих) пәндерінен сабақ берді. Үш дипломы болған. Ұлы Отан соғысының ардагері. Негізі, маған "сен мұғалім бол" деп айтып көрмеген. Әкеме деген, мұғалімге деген өзгелердің құрметіне қарап, осы мамандыққа қызығушылығым артып, мұғалім боламын деп шешім қабылдадым.

***— Ғылымдағы ғұмырыңызда өкініш өзекті өртеп, «Қап!» дейтұғын сәттер болды ма?***

— Өкініш болды деп айта алмаймын. Ғылым саласы өте қызық. Мысалы, бір есепті кейбір кезде жылдар бойы шеше алмай жүресің, бірақ сол есептің жауабын тапқан сәтті айтып жеткізу мүмкін емес. Ерекше бір шабыт беретін сәт болады. Осы эмоциялардың арқасында өкініш болды деп айту қиын. Дегенмен, ренжіген кездерім болды. Білім саласында әртүрлі мәселе болады, соны шешкілері келмеген адамдарға ренжігенім бар енді...

***— Басқа ғылымдардың патшасы атанған математика саласында жеткен жетістіктеріңізбен бөліссеңіз!***

— Жақында министрлік тарапынан жарияланған жобаны ұтып алдық. Қазір осы жобамен жұмыс жасап жатырмыз «PISA» зерттеулеріне байланысты. Осы жобаны орындап жатқан 3 докторанттарым бар. 170-тен аса және 15 «Scopus» журналына шыққан ғылыми мақалаларым бар. Ғылымды дамытуға қосқан үлесім үшін білім берудің үздігі төс белгісімен, Еуропарламенттің алтын медалімен марапатталдым. Ал қоғамдық жұмыс, университеттің деңгейін көтеру мақсатында істеген жұмыстарым үшін Тәуелсіздігіміздің 25 және 30 жылына арналған мерекелік медальдарын алдым.

***— Физика, математиканың қыр-сырын ашып, толық зерттей алдық па?***

— Былай қарасақ, уақыт шексіз. Өткен уақытта шексіз, алдағы уақытта шексіз... Дәл осылай ғылым саласы да шексіз. Ғылым саласын тану да шексіз. Осы себептен де бәрін ашып тастадық, ештеңе қалмады деп айту қате болады. Әрбір ашылған жаңалық белгілі бір уақыттан кейін ескіріп, жаңа зерттеулер ашылады. Сондықтан да бәрін толық зерттей алдық дегенге келмейді.

***— Бүгінгі білім жүйесіне көңіліңіз тола ма?***

— Жақсы жағы да, жаман жағы да бар. Менің ойым, осыдан 5-6 жыл бұрын математика факультетіне келетін балалардың білім сапасы өте төмен болатын. Асхат Аймағамбетов министр болып тұрған кезде мұғалімдердің жалақысын арттырды. Осы мамандыққа түсу үшін кемінде 70 балл болу керек деген талап қойылғаннан кейін, соңғы 3 жылда кафедрамызға білімді түлектер түсіп жатыр. Бұл жақсы жағы.

Ал маған ұнамайтын жағы – білім саласына байланысты реформалар қазір өте көп. Ол реформалардың нәтижесі жоқтың қасы. Мысалы, бұрын бастауыш мектепте 30 бала бірге бір сыныпты бітірсе, бәрі оқи алатын, ал қазір осы жақсы дүниені бүлдірді. Себебі, бүгінде баға қойылмайды. Оқушылар осыған байланысты оқығылары келмейді, бәрі электронды түрде оны баға көрмейді. Бір мысал келтірейін, немерем 1 сынып оқушысы. Сабақ оқымайды. Неге сабақ оқымайсың десем, бүгін біздің қатардан сұрамайды дейді. Мұғалімдері бір күн бір қатардан, екінші күні басқа қатардан сұрайды екен. Осыны 1 сынып оқушысы түсініп, біліп алған. Бұл өте жаман жағдай. Жалпы, білім жүйесіне көңілім толады деп айта алмаймын. Бұрыңғы білім жүйесіне қайтып келу керек деп ойлаймын.

***— Қала деңгейінде, бәлкім, республика бойынша елге танымал математика ғалымдарының басқосулары болып тұра ма? Арнайы ұйым бар ма?***

— Иә, конференциялар мен съездер болып тұрады. Онлайн, оффлайн форматта. Түркі мемлекеттерінің арасындағы математиктердің съезі өткен жылы Түркияда болған. Ал Қазақстандағы математиктердің съезі Қарағанды, Алматы, Астана қалаларында болып тұрады. Жалпы, болашақта қандай бағытта жұмыс жасайтынымызды ойластырып, шешім қабылдаймыз. Бұл жиналып тұрған қаншалықты тиімді екеніне мен әлі баға бере алмаймын. Нәтижесін болашақта көре жатармыз.

***— Ғылымды қандай жаңалықпен сүйіншілер едіңіз?***

— Фундаментальді математика қазір бізде дамып келе жатыр. Жақсы әрі өте білімді жастарымыз көбейіп келе жатқаны қуантады. Қазіргі жұмыс жасап жатқандардың ішінде: Білиев, Кальменов, Өтелбаевтер математика саласын дамытып келеді, осындай білімді азаматтарымызға жастарымыз қарап, өздерінің деңгейлерін көтереді деп ойлаймын.

***— Сүйікті хоббиіңізге уақыт табыла ма?***

— Шахмат ойнағанды жақсы көремін. Қазір көп уақыт бөле алмаймын, ғылымға көбірек уақыт бөлу керек болып жүр. Тағы да тарихи мәселелерді ойлаған ұнайды.

***— Өмірлік ұстанымыңыз қандай?***

— Адалдық. Ең басты ұстанымым. Ұлтымыз, мемлекетіміз үшін адал жұмыс жасау. Патриот болу!

***— Артыңыздан ерген, ғылыми жұмыстарыңызды жалғастырып келе жатқан шәкірттеріңіз бар ма?***

